

**М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**

**Қамқоршылық кеңес отырысының  
№2 хаттамасы**

**27 қыркүйек 2023 жыл**

**Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ**

**Қатысқандар саны: 9**

**Қатыспағандар: 0**

**Қатысқандар:**

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ. Табаналы
2. Кеңес мүшесі орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кеңес мүшесі – М.М. Шукралиева
4. Кеңес мүшесі – Ш.Б. Абишева
5. Кеңес мүшесі – Г.М. Утарова
6. Кеңес мүшесі – Д.М. Сембай
7. Кеңес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова
8. Кеңес мүшесі – М.Б. Байдрахманұлы
9. Кеңес мүшесі – С.М. Сауанаев

**Күн тәртібі:**

1. Мектеп ауданына қарасты ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлыққа алған отбасылар мен өгей әке-анамен тұратын балалар туралы мәлімет

**Әлеуметтік педагог Иса**

**Ж.Н.**

2. Қалалық «Гүлдер әлемі-2023» фестивалінен «Қала мектептерінің үздік ұжымдық жұмысы» бойынша I орын және қаржылай 200000 теңгелік сыйақы сертификатпен марапатталды, алынған ақшалай сертификатты мектеп қажеттілігіне жұмсау.

**Мектеп директоры Кудайбергенов**

**Д.Н.**

**Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ. Табаналы күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді әлеуметтік педагог Ж.Н.Исаға берді.

Мектебімізде 1 тұл жетім оқушы – Қаденов Әмір Бекболатұлы білім алады. Қазіргі таңда 11 «Б» класында оқуда. Ата-анасы Әмірдің кішкентай кезінде жол апатынан қайтыс болған. Әмірдің тұрмыстық жағдайын тексеріп, бақылаудың Қаден Әмір 29.04.2007 жылы Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласында дүниеге келген. Қазіргі таңда Ақтөбе қаласы, Ақжар 2 елді мекенінде Қарғалы 19 үйде тұрады. Жалпы аумағы 225 кв шаршы метрді құрайды, 6 бөлме, ас үй, дәліз, дәретхана мен жуынатын бөлме бар. Әмірдің қорғаншысы төменде көрсетілген отбасы мүшелерімен бірге тұрады.

Отбасы мүшелері: Нақбаев Қаден Калкаманович-атасы, қорғаншысы 21.05.1940ж.

Нақбаев Тілек Каденович- Ұлы (Әмірдің ағасы) 23.02.1984.

Иржанова Алия –келіні 21.08.1988ж.

Каденова Гүлназ Тлекеновна-немересі 18.06.2014ж

Қаденов Әділет Тілек – немересі 15.09.2021ж

Қаден Олжас Бекболатұлы – немересі (Әмірдің туған ағасы)

Балалардың әкесі- Нақбаев Бекболат Каденович 13.07.20009 жылы қайтыс болды. Куәлік нөмірі №0099779, 20.07.2009ж. Анасы Нақбаева Жайнагүл Қуанышевна 13.07.2009 жылы жол апатынан қайтыс болды.Куәлік нөмірі № 0099780, 20.07.2009 ж, № 382 қаулысымен жасы кәмелетке толмаған балаларға қорғаншы, қамқоршысы болып тағайындалды. Бүгінгі таңда Әмірдің туған ағасы Қаден Олжас Бекболатұлы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенті. Әмірдің үлгерімі жақсы, сабақтан себепсіз қалмайды. Балалар өте тәрбиелі, үйінде жағдай жасалған, өздерінің бөлмелері бар. Бөлмелерінде жататын кеуеттер, сабақ оқитын үстелі, компьютерлері бар. Барлық бөлмелері жиһаздармен жабдықталған. Үйдің іші-жарық, жылы, таза. Тұрмыстық-материалдық жағдайы жақсы. Атасы барлық жағдай жасап отыр. Қорғаншы Нақбаев Қаден балаларға ата болып келеді. Яғни әкесінің әкесі. Нақбаев Қаден өз міндетін толығымен жақсы атқарып жүр.

Одан бөлек мектеп ауданына қарасты қорғаншылықта 5 бала бар.

1. Тәуекелов Аңсаған Баубекұлы 04.09.20005 жылғы, некесіз
2. Коржауов Дастан Мұратбекович 08.12.2005ж туылған.
3. Коржауов Жасұлан Мұратбайұлы 13.07.2007 ж туылған. Тұл жетім әке-анасы қайтыс болған. Анасынан туған ағасы,қамқоршысы- Волков Богдан Игоревич 04.12.1992 ж. 2023-2024 оқу жылында жаңадан қамқоршылыққа 4 бала қосылды.:

1. Балабекова Милана Бериковна 13.05.2015ж туылған
2. Пшеченко Руслан 10.10.2022ж туылған бала. Некесіз туылған анасы туылғаннан тастап кеткен.
3. Ахунова Алина Артуровна 01.12.2018ж туған. Анасы 28.12.2021 жылы ата-ана құқығынан айырылған. Әкесі 01.08.2023 ж бас бостандығымен өмір бойына айырылған.
4. Ахунов Максим Артурович 01.12.2018 ж туған.

Қазіргі таңда қамқоршылармен танысып баланың тұрмыстық жағдайын тексеру АКТ жүргізілуде. Қосымша айта кететін болсам өгей әке және анамен тұратын 10 отбасы бойынша балалар бар, оның ішінде 14 оқушы.

Өгей әкемен тұратын оқушы 11 оның ішінде 7 ұл бала, 4 қыз бала.

Ал өгей анамен 3 бала оның ішінде 2 ұл бала 1 қыз бала тұрады. Өгей ата-анамен тұратын оқушылар үнемі бақылауды, жылына 1 рет тұрмыстық АКТ жүргізіледі.

Қ.Қ.Табаналы: Бұл балалардың жағдайын қалай бақылап отырасыздар, қандай көмек көрсетесіздер сол жөнінде айтып өтсеңіз.

Иса Ж.Н: Квартал сайын аталған балалардың үйіне барып әлеуметтік жағдайын бақылап, зерттеу АКТ-сы жасалады. Сонымен қатар жана жылдық мерекелерде әкімнің шыршасына апарамыз, мектеп тарапынан сыйлықтар беріледі. Қайырымдылық акцияларын жасап, Кәден Әмірдің «Жилстрой банк» есепшотына қаражат аударып отырамыз.

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.Н.Кудайбергенов сөз алды: Сөзімнің басын жақсы жаңалықпен бастағалы тұрмын, 23 қыркүйек күні қалалық «Гүлдер әлемі - 2023» фестивалі өткен болатын. Сол фестивальге мектебіміз катысып, «Қала мектептерінің үздік ұжымдық жұмысы» бойынша I орын және қаржылай 200000 теңгелік сыйақы сертификатпен марапатталды. Бұл әрине ұжымның жетістігі. Былтырғы оқу жылының аяғында мектеп ауласын секторларға бөліп, ұжым көгалдандыру жұмысымен айналысқан болатын, сонымен қатар мектептің ата-аналары мен оқушылары да ерікті түрде өз үлестерін қосып, нәтижесінде мектеп ауласы жайкалып, кірген кезде керемет әсер сыйлайды. Бұл көгалдандыру жұмысы мұнымен аяқталмауы тиіс, сондықтан сіздердің келісімдеріңізбен фестивальде алған қаржыны мектеп ауласына қарағай ағашын алуға

жұмсасақ деймін. Сонымен қатар өздеріңіз көрген 5 сектордың еңбегі әділ бағаланып, орын берсеңіздер деймін.


Қ.Қ Табаналы: Мектеп ауласына жасалған жұмыстарға оң бағамды беремін, өте жоғары деңгейде, гүлдер талғаммен отырғызылған. Мектеп ауласына кіргеннен көздің жауын алады, өте тамаша! Айтып отырған ұсынысыңызда орынды, қарағай отырғызу туралы айтылған ойға келісемін.

М.М Шукралиева: Мектеп ауласы өте әдемі. Үлкен еңбек пен ауызбіршіліктің ісі екені көрініп тұр. Әр секторды қарап шықтық. Осы отырғызғандардың шешімі бойынша мынадай ұйғарымға келдік. I орын-3 сектор, II орын -4,5 сектор, III орын – 1,2 сектор. Көгалдандыру жұмысы жыл сайын жалғасу керек.

Қаулы:

1. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлыққа алған отбасылар мен өгей ата-анамен тұратын балалардың әлеуметтік жағдайы үнемі назарда болсын, жасалып жатқан қайырымдылық шаралары жалғаса берсін.
2. Қалалық «Гүлдер әлемі -2023» фестивалінен «Қала мектептерінің үздік ұжымның жұмысы» бойынша иеленген 200000 теңгелік қаржылай сыйақы мектеп ауласына қарағай ағашын алуға жұмсалынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  
Хатшы

 К.К. Табаналы  
 Г.М. Бекешева